

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955 қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 23 ақпан N 234. Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1998.09.04. N 840 қаулысымен. ~P980840

Қазақстан Республикасының рыноктарындағы тауарларды сату құқығы үшін алымның мөлшерін республиканың әртүрлі аймақтарында қалыптасқан рыноктардың конъюктурасымен сәйкес келтіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарлар сату құқығы үшін алым туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 12 шілдедегі N 955 P950955\_ қаулысына /Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1995 ж., N 24. 274-бап/ мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:

1-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алымның шекті мөлшері";

мынадай мазмұндағы жаңа 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Облыстардың және Алматы қаласының әкімдеріне рыноктарда тауарларды сату құқығы үшін алымның мөлшерін реттеу құқығы берілсін";

3-тармақ 4-тармақ болып саналсын.

Аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым туралы Ережеде:

2-тармақтың екінші абзацында "енгізіледі" сөзінен кейін "заңды және" сөздерімен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы жаңа 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Кәсіпкерлік қызметтің субъектісі ретінде салық қызметі органдарында тіркелген жеке адамдар Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым төлеуден босатылады";

7-тармақ "ұйымдар" сөзінен соң "заңды және" сөздерімен толықтырылсын.

7-тармақ 8-тармақ болып саналсын;

мынадай мазмұндағы жаңа 9-тармақпен толықтырылсын:

"9. Қазақстан Республикасының рыноктарында тауарларды сату құқығы үшін алым мемлекеттік емес меншік нысандарындағы рыноктарында рынок әкімшілігінің жергілікті атқарушы өкімет органымен шарттың қағидаларымен жүзеге асырылады деп белгіленсін";

9-тармақ 10-тармақ болып саналсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК